

Абай атындағы ҚазҰПУ- да 2021-22 оқу жылына Шетел азаматтарын қабылдау ережесі

I. Құжаттарды тапсыру

1. Шетел азаматтары Абай атындағы ҚазҰПУ-да шетел азаматтарын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелері негізінде қабылданады (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, 2-тарау, 7-тармақ).

2. Абай атындағы ҚазҰПУ-да жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі бар шетел азаматтары қабылданады.

3. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

4. Шетел азаматтарын оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Оқуға түсу үшін талапкерге қажет:

1. Абай атындағы ҚазҰПУ платформасында онлайн-тіркеуден өтіп, профайлды толтырып, таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға өтінім жіберу.

2. Ауызша әңгімелесуден өту.

3. Құжаттардың түпнұсқаларын қабылдау комиссиясына ұсыну қажет.

Оқуға түсуге өтінімдер мен құжаттар 2020 жылғы 1 маусымнан 25 тамызға дейін қабылданады.

Оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Нотариусталған (Қазақстан нотариусы) паспорттың қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы бар расталған көшірмесі. Ұлттық паспорттың қолданылу мерзімі ҚР аумағына кірген сәттен бастап кемінде 2 жыл болуы тиіс.

2. Жалпы білім беретін мектепті/колледжді/ЖОО бітіргені туралы аттестаттың/дипломның түпнұсқасы, өткен пәндері, бағалары және т. б. көрсетілген білім туралы аттестатқа/дипломға (транскрипт) қосымша

- Бакалавриат (BSc / BA) - толық орта білім туралы куәлік.

- Магистратура (MSc/MA) - бакалавр дипломы.

- PhD Докторантура-магистр дипломы.

3. Жалпы білім беретін мектепті/колледжді, ЖОО бітіргені туралы аттестаттың / дипломның нотариалды куәландырылған және апостильденген аудармасы, аттестатқа / дипломға қосымша.

4. ҚР, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарының қазақ немесе орыс тілдерін меңгеру деңгейінің қолданыстағы сертификаттары немесе Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шетелдік азаматтарға арналған филологиялық мамандықтар кафедрасының тілдік курстарын бітіргені туралы сертификат/куәлік (болған жағдайда).

5. Қазақ немесе орыс тілдерін меңгеру деңгейінің сертификаттары/куәліктері жоқ талапкерлер шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар кафедрасының тілдік курстарында міндетті түрде оқиды.

6. Жұқпалы аурулардың жоқтығы туралы медициналық анықтамалар: АИТВ-инфекциясының, Безгектің жоқтығы туралы анықтама, а/ж-ға бак егу

7. 075 нысанындағы медициналық анықтама тиісті медициналық комиссиядан өткеннен кейін Қазақстанға келгеннен кейін беріледі. Әр дәрігердің мөрі және төменгі сол жақ бұрышта медициналық мекеменің дөңгелек мөрі болуы керек. Қабылдау комиссиясына флюорографияның суретін ұсыну қажет;

8. 3×4 6 фотосурет (түрлі-түсті, мерзімі алты айдан аспайды, электронды нұсқасын дискіге көшіріп өткізуі қажет);

9. Өткен әңгімелесудің ХАТТАМАСЫ.

10. Білім беру қызметтерін ұсынуға шарт жасасу (2 дана))

11. Университеттің шотына оқудың жалпы сомасынан 50% мөлшерінде депозитті төлеу.

12. Визалық жарнаны төлеу (халықаралық ынтымақтастық департаменті, каб. 3. Қазыбек би, 30/1).

13. Визалық сауалнаманы толтыру (халықаралық ынтымақтастық департаменті, №1 корпус уч., каб. 3. Қазыбек би, 30/1).

II. Әңгімелесу

1. Әңгімелесу онлайн режимінде ауызша түрде өткізіледі. Әңгімелесу белгілі бір жағдайға (талапкер таңдаған білім беру бағдарламасының мазмұнына байланысты мәселе) жеке әсерлері мен ойларын білдіретін, пәнді анықтайтын немесе жан-жақты түсіндіруді талап етпейтін өз ойларын ұсынуды қамтиды. Шетелдік азаматтар әңгімелесу барысында жалпы білім беру, өмірлік, кәсіби тәжірибесін, өздерінің сенімдері мен жетістіктерін, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымын көрсетуі қажет.

III. Шарт жасасу

1. Шетел азаматтары университетпен ақылы білім беру қызметтерін ұсыну туралы шарт (бұдан әрі мәтін бойынша-шарт) жасасады. Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, шартты оның заңды өкілі жасайды.

2. Шартқа қол қою арқылы талапкер Шарттың талаптарымен, университет Жарғысымен, университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерімен, білім беру ұйымдарына қабылдау және оқудан өту тәртібін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен таныс екенін және олармен келісетінін растайды

3. Университетте оқу құны белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті оқу жылына арналған ақылы білім беру қызметтерінің тарифіне сәйкес айқындалады.

4. Оқу ақысын талапкерлердің өздері де, үшінші тұлғалар да (ата-аналар, туыстар, серіктес компаниялар және т.б.) төлей алады.

IV. Университетке қабылдау

Онлайн-платформада сәтті тіркелгеннен, профайлды толтырғаннан және талап етілетін құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырғаннан кейін абитуриент ректордың бұйрығымен Абай атындағы ҚазҰПУ-ға қабылданады.